

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат ) :

1025-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тауар белгілері және тауар белгілерімен көрсетілген тауарлар жарнамасының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңымен айқындалады".

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22,

160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат):

1 )            3 4 9 - б а п т а :

баптың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"349-бап. Жарнаманы тарату, орналастыру тәртібін бұзу";

бірінші және екінші бөліктегі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Жарнаманы Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңында белгіленген оның тіліне қойылатын талаптарды бұза отырып тарату, орналастыру, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 )            3 4 9 - 1 - б а п т а :

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - отыздан елуге дейінгі мөлшерінде шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Темекі және темекі бұйымдары жарнамасын кез келген көліктің сыртқы жағында және қоғамдық көліктің ішкі жағында орналастыру, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға - жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктермен толықтырылсын:

"6. Темекі және темекі бұйымдарының сыртқы (көрнекі) жарнамасы -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге

дайінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Темекіні және темекі бұйымдарын теледидар мен радиода жарнамалау, кәмелетке толмағандардың жарнамалауы; теледидар бағдарламаларында, ол бағдарлама авторы ойының ажырамас бөлігі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, темекі шегушілікті көрсету; темекі шегушілікті көрсететін, көптеген адамдардың темекі бұйымдарын пайдаланатындағы туралы бекітетін не темекі бұйымдарының емдік әсері туралы мәліметтерді қамтитын темекі және темекі бұйымдарын жариялау, -

жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден уш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Кәмелетке толмағандарға темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау мақсатында өткізілетін іс-шараларға рұқсат беру, -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

9. Темекі және темекі бұйымдары жарнамасын оларды тікелей сатуды жүзеге асыратын сауда залынан тыс сауда орындарда не жекелеген графикалық бейненің шекті мөлшерінен асыра орналастыру -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

10. Темекі және темекі бұйымдары жарнамасының маңдайшаларын Қазақстан Республикасының темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы заңында белгіленген оның шекті мөлшері талаптарын бұза отырып орналастыру -

айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

11. Темекі бұйымдарын насихаттайтын теле-, радиобағдарламалар және жарнамалық роликтерінің эфирге шығу тәртібін бұзу, -

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

12. Осы баптың он бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер, -

лауазымды адамдарға жекелеген теле- және радиобағдарламалар, жарнамалық роликтерінің шығарылымдарын тәркілей отырып, жүз айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) мынадай мазмұндағы 349-2-баппен толықтырылсын:

"349-2-бап. Жарнамалауға тыйым салынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасы

1. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңымен жарнамалауға тыйым салынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасы - жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес үйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігіндегі көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер,

жеке кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес үйымдары болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады".

3. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат; 2004 ж., N 5, 27-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар):

14-бап алып тасталсын.

4. "Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 149-құжат):

1 ) 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) темекі және темекі бұйымдарын сыртқы (көрнекі) жарнамалауға; мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"7-1) кәмелетке толмағандарға темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау мақсатында өткізілетін іс-шараларға рұқсат беру;";

11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) темекі және темекі бұйымдары жарнамасын кез келген көліктің сыртқы жағында және қоғамдық көліктің ішкі жағында орналастыруға;";

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) кәмелетке толмағандардың темекіні және темекі бұйымдарын жарнамалауы;

13) көптеген адамдардың темекі бұйымдарын пайдаланатындығы туралы бекітетін темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау;

14) темекі бұйымдарының емдік әсері туралы мәліметтерді қамтитын темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау;

15) темекі шегушілікті көрсететін темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау.";

## 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Темекі және темекі бұйымдарының жарнамасы оларды тікелей өткізетін сауда орындарында, сауда залының шегінде орналастырылуы мүмкін. Темекі және темекі бұйымдары жарнамасының жекелеген графикалық бейнесінің көлемі бір шаршы метрден артық болмау қажет.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Темекі және темекі бұйымдарының жарнамасы олар сатылатын сауда орындарын белгілеу үшін, маңдайшадағы жазу түрінде орналастырылу мүмкін және де сауда орындарымен іргелес болу қажет, бұл ретте маңдайшадағы жазудың шекті мөлшері 0,6 шаршы метрден артық болмауы қажет.

4. Темекі және темекі бұйымдарының жарнамасы темекі шегушіліктің зияны туралы мынадай талаптарға сәйкес ескерту жазбасын қамтуы тиіс:

- 1) мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы;
- 2) жарнама материалының жалпы көлемінен жиырма пайыздан кем болмауы;
- 3) оңай оқылуы және мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ету үшін тиісінше орналасуы

Ескерту жазбасы мәтінін уәкілетті орган бекітеді.

Темекі бұйымдарының немесе олардың элементтерінің маркаларын темекі шегу керек-жарақтарда (үстелдегі құлсалғыштарда, тұтандырғыштарда, сіріңкілерде) ескерту жазбасыныз орналастыруға рұқсат беріледі.";

## 2 ) 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) он сегіз жасқа толмаған адамдарға және сондай адамдардың сатуына;" ;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) акциздік таңбалар немесе есепке алу-бақылау таңбаларыныз;" .

5. "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 174-құжат):

## 1 ) 6 - б а п т а :

2-тармақта "теледидардағы, радиодағы және сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоса," деген сөздер "мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнаманы қоспағанда" деген сөздермен аудистрылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы куәлікте бекітілген тілде таратылады.";

## 3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақта "азаматтарды" деген сөз "жеке тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

## 2 ) 1 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Стационарлық орналастыру объектілеріне ілінген қозғалу кеңістігі жоқ сипаттағы ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде және елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте орналастырылған жарнама сыртқы (көрнекі) жарнама болып табылады.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру плакаттар, стендтер, жарық беруші таблолар, билбордтар, транспаранттар, афишалар түрінде және осы баптың 2-7-тармақтарында көзделген тәртіппен өзге де тәсілдерде жүзеге асырылады.

Жаймасөрелерді (терезелерді) ресімдеу, сыртқы және есікке ілінетін жазулар мен плакаттар, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарды ішкі ресімдеу, егер бұл ресімдеу осы кәсіпорында сатылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер туралы жарнамалық ақпараттарды қамтитын болса, сыртқы жарнама объектілері болып табылмайды.

Сыртқы (көрнекі) жарнама жолдардың көлік-пайдалану сапасын төмендетпеуге, көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын бұзбауға, жол белгілерімен және сілтемелерімен ұқсас болмауға, олардың көрінуін немесе қабылдау тиімділігін нашарлатпауға, жол пайдаланушылардың көзін қарықтырауға тиіс.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманың объектілерін орналастыру ережелерге сәйкес жергілікті атқарушы органмен берілетін рұқсат болған жағдайда жол беріледі.";

6-тармақта "Үәкілетті орган" деген сөздер "Осы баптың 2-тармағында белгіленген үәкілетті органдар" деген сөздермен ауыстырылды:

3) 14-баптың 6) тармақшасында "азаматтарды" деген сөз "жеке тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылды;

4) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылды:

"14-1-бап. Тауар белгілерін және олармен белгіленетін тауарларды жарнамалау ерекшеліктері

1. Белгіленген тәртіппен тіркелген тауар белгілері түпнұсқа тілінде және (немесе) басқа тілде жазылуы мүмкін.

2. Бір тауар белгісі алкоголь өнімдерінің және темекі бұйымдарының атаулары қосылған бірнеше тауарлар мен қызметтер тізбесі бойынша тіркелген жағдайда, көрсетілген тауар белгілерін пайдалана отырып жарнама тарату, орналастыру кезінде жарнамаланатын тауарлар және/немесе қызметтер міндettі түрде анық белгіленуі қажет.

Бұл ретте тауарлар мен қызметтердің мөлшері тауар белгісінің мөлшерінде қарағанда кемінде 40 процент болуы қажет.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарды бұза отырып, таратылған, орналастырылған жарнама алкоголь өнімі мен темекі бұйымдарының жарнамасы болып танылады.";

5) мынадай мазмұндағы 17-1 және 17-2-баптармен толықтырылсын:

"17-1-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) жарнама саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

2) жарнама саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру жөніндегі  
ұсныстар енгізеді;

3) жарнама саласындағы заңнаманы бұзушыларға жауапкершілік шаралар  
қолданады;

4) жеке және заңды тұлғалардың жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін  
қарайды;

5) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын сақтау үшін  
бақылауды жүзеге асырады.

17-2-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органдар  
:

б) 1) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат  
кереді;

2) жарнама саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушыларға  
жауапкершілік шараларын қолданады;

3) жеке және заңды тұлғалардың жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін  
қарайды;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын  
сақтау үшін бақылауды жүзеге асырады.";

6) 20-баптың 1-тармағы "мазмұнына" деген сөзден кейін ", тіліне" деген сөзben  
толықтырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін  
қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*